



Қазақстан Қор Биржасы  
Казахстанская Фондовая Биржа  
Kazakhstan Stock Exchange

# KASE-ДЕ ҚАЛАЙ САУДА ЖАСАУҒА БОЛАДЫ

---



## МАЗМҰНЫ

Биржа дегеніміз не.....	2
Қор нарығына қалай қол жеткізуге болады.....	3
Инвестор бағалы қағаздарды сатып алу-сату кезінде қандай шығындарды көтереді.....	4
Инвестицияны неден бастау керек.....	5
KASE-де сауда жасау үшін қандай бағалы қағаздар бар.....	6
Бағалы қағаздардың құнына не әсер етеді.....	7
Инвестициялауда қандай тәуекелдер бар.....	8
Эмитент қандай ақпаратты ашады.....	8
KASE интернет-сайты.....	8
Глоссарий.....	13
Байланыс.....	20

### **БИРЖА ДЕГЕНІМІЗ НЕ**

БИРЖА – ӘРТҮРЛІ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН САТЫП АЛУШЫЛАР МЕН САТУШЫЛАР АРАСЫНДА МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАЛАТЫН САУДА-САТТЫҚ АЛАҢЫ.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (БҚ) САТЫЛАТЫН БИРЖА ҚОР БИРЖАСЫ ДЕП АТАЛАДЫ.

1993 жылдың 17 қарашасында Ұлттық валюта нарығын ұйымдастыру және дамыту үшін қазақстандық банкаралық валюта биржасы құрылды, ол бірнеше жылдан кейін KASE (Kazakhstan Stock Exchange) “Қазақстан қор биржасы” АҚ болып өзгертілді.

KASE – сауда-саттыққа қатысушы брокерлер бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға өтім беретін электрондық сауда-саттық алаңы болып табылады (суретті қараңыз. 1.).

KASE бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы бола отырып, саудаланатын бағалы қағаздардың тізімін қалыптастырады, сауда-саттыққа қатысушылар үшін ережелерді белгілейді және мәмілелердің орындалуын қамтамасыз етеді.



Биржа брокерлерден мүшелік жарналар, эмитенттерден алымдар, сондай-ақ мәмілелер бойынша комиссиялар түрінде кіріс алады.



**ИНВЕТОРЛАР**


Инвесторлар бағалы қағаздарды сатып алады және дивидендтерден (акциялар бойынша) және купондық сыйақылардан (облигациялар бойынша) ақша табады, сондай-ақ бағалы қағаздар жоғары бағамен сатылған жағдайда пайда табады



**БРОКЕРЛЕР**

(лицензияланған делдалдар)

Брокерлер инвесторларға биржада сатылатын қаржы құралдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді және бағалы қағаздар бойынша мәміле сомасының белгілі бір пайызы түрінде комиссия алады



**ЭМИТЕНТЕР**

Эмитенттер инвесторлардан ақша тарту үшін бағалы қағаздар шығарады. Тартылған ақшаны эмитент өз қызметін дамытуға және қаржыландыруға жібереді

## ҚОР НАРЫҒЫНА ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ

Қазақстанда бөлшек инвесторлар биржада тек брокерлер арқылы сауда жасай алады. Брокерлер – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, олар биржада операциялар жүргізу кезінде өз клиенттерінің атынан және олардың мүдделері үшін әрекет етеді.

## ИНВЕТОРЛАР ҮШІН БРОКЕРЛЕР ҰСЫНАТЫН ҚЫЗМЕТТЕР СПЕКТРІ:

- ▶ KASE-ге қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- ▶ клиенттердің тапсырмасы бойынша мәмілелер жасасу (бағалы қағаздарды сатып алу/сату);
- ▶ жеке қаржы құралдары бойынша сатып алушыларды немесе сатушыларды іздеу;
- ▶ банк операцияларының жекелеген түрлерін, оның ішінде қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу;
- ▶ клиенттердің шоттарын жүргізу;
- ▶ ақпараттық қолдау – аналитикалық ақпарат пен инвестициялық ұсыныстар беру;
- ▶ активтерді сенімгерлік басқару.

## БРОКЕРДІ ТАҢДАҒАНДА НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК

### Лицензияның болуы:

брокердің міндетті түрде Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болуы тиіс

### Қызмет құны (брокер комиссиясы):

брокерлік компаниялар өздерінің интернет-ресурстарында комиссиялар тізбесі мен тарифтерді жариялайды

### Қызметтер спектрі:

аналитика, кеңес беру, интернет-трейдинг

### Бағалы қағаздар нарығындағы белсенділік

KASE брокерлерге олардың нарықтағы белсенділік дәрежесіне қарай әртүрлі номинациялар береді, олар туралы ақпаратты мына сілтеме бойынша табуға болады:

[https://kase.kz/ru/members\\_diplomas/](https://kase.kz/ru/members_diplomas/)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жалған брокерлер тарапынан алаяқтықты болдырмау үшін брокер туралы ақпаратты және оның реттеушінің сайтында лицензиясының бар жоғын екі рет тексеруді ұсынамыз <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/financial-organizations/48?lang=kk>



Брокерлердің ресми интернет-ресурстарында көрсетілген телефондарға өзіңіз қоңырау шалыңыз, түсініксіз сілтемелер бойынша өтпеңіз және тексерусіз жарнамалардан мобильді қосымшаларды орнатуға асықпаңыз

## БРОКЕР МЕН ОНЫҢ КЛИЕНТТЕРІНІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Клиенттің брокермен кез-келген операция кезінде өзара әрекеттесуі екі жолмен жүруі мүмкін:

**қағазда** – клиент қол қойылған клиенттік тапсырыстарды немесе басқа тапсырмаларды ұсынады;

**электрондық тәсілмен** – (сауда платформалары, мобильді қосымшалар) электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) немесе биометриялық сәйкестендіру көмегімен. Брокерлер өз клиенттеріне әртүрлі электрондық сауда платформаларын ұсынады.

Бірінші нұсқадан айырмашылығы, электронды түрде беру клиенттердің тапсырыстары мен басқа да тапсырмалардың қағаз түпнұсқасын ұсынуды қажет етпейді.

## МАРКЕТ-МЕЙКЕР

Маркет-мейкер – биржалық сауда-саттықтың өтімділігін қолдау мақсатында белгілі бір эмитенттің бағалы қағаздарын өз шоттарында белгілі бір мөлшерде сатып алу және сақтау тәуекелін өзіне алатын брокерлік компания.

Маркет-мейкер эмитенттердің бағалы қағаздары бойынша өтімділікті қолдайды, олар биржада белгілі бір спрэдпен келісілген көлемде сатып алуға және сатуға өтінімдерді бір мезгілде қою арқылы бекітіледі (сатып алуға және сатуға арналған өтінімдер бағасының айырмасы).

Маркет-мейкердің өз міндеттемелерін орындау көлемі мен спрэді, сондай-ақ уақыты KASE ішкі құжаттарымен анықталады.

## ИНВЕСТОР БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ САТЫП АЛУ-САТУ КЕЗІНДЕ ҚАНДАЙ ШЫҒЫНДАРДЫ КӨТЕРЕДІ

Биржада операциялар жасау кезінде инвестор өз брокеріне сыйақы төлейді, ол брокердің клиентке өз қызметтерін ұсыну процесіне тартылған басқа ұйымдардың комиссияларын қамтуы мүмкін.

Жалпы, брокерге төлемдер келесі компоненттерден тұруы мүмкін:

**бағалы қағаздарды сатып алу/сату үшін брокердің комиссиясы** — брокерге мәмілені орындағаны үшін төленетін сыйақы. Ол мәміле үшін белгіленген соманы немесе уақыт кезеңін (әдетте бір ай), сондай-ақ мәміле сомасының пайызын құрауы мүмкін;

**биржалық алым** — қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерге қатысты тіркеу және клирингтік қызмет көрсету үшін Биржаның комиссиялық сыйақысы;

**бағалы қағаздар орталық депозитарийінің комиссиясы** — бағалы қағаздарды есепке алғаны және сақтағаны үшін, сондай-ақ клиенттің бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша есеп айырысулар жүргізгені үшін депозитарийдің сыйақысы.



## БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР БОЙЫНША ТАБЫСТАРҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАР

Бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі кірістерге, сондай-ақ KASE ресми тізіміне және KASE сауда-саттық алаңында енгізілген ашық сауда-саттық әдісімен оларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістерге салық салынбайды.

**Дивидендтерден түсетін табыс мынадай критерийлерге сәйкес келген жағдайда салық салудан босатылады:**<sup>1</sup>

- ▶ бағалы қағаздармен орындалған мәмілелер көлемі айына кемінде 25 млн. теңгені құрайды
- ▶ бағалы қағаздармен орындалған мәмілелер саны айына кемінде 50 мәмілені құрайды

Осы критерийлерге сәйкестігін мына сілтеме бойынша тексеруге болады: <https://kase.kz/kz/shares/>

### Маңызды ақпарат:

Салық жеңілдіктерінің болуына қарамастан, салық заңнамасы жеке тұлғалардан салық декларациясын тапсыруды талап етеді.

Табыс сомасын есептеу және салық декларацияларын толтыру мәселелері бойынша салық консультанттарына жүгінуді ұсынамыз.

<sup>1</sup>ҚР Салық кодексінің 241 бабы 2 тармағының 4) тармақшасы (заңды тұлғаларға қатысты), ҚР Салық кодексінің 341 бабы 1 тармағының 7) тармақшасы (жеке тұлғаларға қатысты)

## ИНВЕСТИЦИЯНЫ НЕДЕН БАСТАУ КЕРЕК

1. Инвестициялау жолын KASE және брокерлік компаниялар жүргізетін оқытудан бастаған жөн.
2. KASE мүшелерінің арасынан брокерлік компанияны таңдап, онымен брокерлік қызмет көрсетуге келісім-шарт жасасу. Брокерлік компаниялардың тізімін Биржа сайтында Биржа мүшелері/мүшелер тізімдері бөлімінен көруге болады: <https://kase.kz/kz/membership/>
3. Брокерлік компанияда қағаздар мен ақшаны есепке алу үшін шот ашу.
4. KASE саудасына қол жетімді қаржы құралдарын зерттеу.
5. Брокерге бағалы қағаздарды сатып алу туралы бұйрық беру.
6. Сатып алынған бағалы қағаздардың кірістілігіне мерзімді мониторинг жүргізу.
7. Бағалы қағаздары инвесторларды қызықтыруы мүмкін нарық пен эмитенттердің жаңалықтарымен үнемі танысып отыру.

## KASE-ДЕ САУДА ЖАСАУ ҮШІН ҚАНДАЙ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ҚОЛЖЕТІМДІ

**KASE-ДЕ БӨЛШЕК ИНВЕТОРЛАРҒА АКЦИЯЛАР, ОБЛИГАЦИЯЛАР, ЕУРООБЛИГАЦИЯЛАР, ПИҚ МЕН ETF ПАЙЛАРЫ, ФЬЮЧЕРСТЕР ҚОЛ ЖЕТІМДІ.**

**Акция** — дивидендтер түрінде компания пайдасының бір бөлігін алуға және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығын беретін үлестік бағалы қағаз. Бір акцияны сатып алғаннан кейін инвестор компанияның тең иесі болады.

KASE ай сайын өтімді акциялардың тізімдерін жариялайды (оларды оңай және тез сатуға болады). KASE-дегі ең өтімді акциялар KASE индексіне кіретін компаниялардың қағаздары болып табылады

[https://kase.kz/kz/stock\\_market/index\\_kase/](https://kase.kz/kz/stock_market/index_kase/).



**Облигация** — егер купон облигация шығару шарттарында көзделген болса, иесінің өтеу кезінде оның номиналды құнын және иелік ету кезеңіндегі купондық сыйақыны (пайыздарды) алуға құқығы бар борыштық бағалы қағаз. Негізінде, облигацияларды сатып алу арқылы инвестор эмитентке белгілі бір пайызбен қарызға ақша береді. Эмитенттің түріне байланысты облигациялар мемлекеттік және корпоративті болып бөлінеді.

**Еврооблигация** — әдетте, шетел валютасында ұсынылған және шетелдік заңнамаға сәйкес шығарылған, облигация. Өз жинақтарын шетел валютасында ұстағысы келетіндер үшін өте ыңғайлы қаржы құралы. Қазақстандық банктердің долларлық еурооблигациялары бойынша кірістілік әдетте осы банктер ұсынатын долларлық депозиттерге қарағанда жоғары болады.

**ПИҚ немесе ETF пайлары** — меншік иесінің пай қорының/ETF мүлкіндегі үлеске құқығын және заңнамада көзделген басқа да құқықтарды растайтын бағалы қағаз.

**Фьючерс** — болашақта базалық активті белгіленген бағамен сатып алуға немесе сатуға мүмкіндік беретін биржалық келісімшарт. Фьючерстік мәміле жасасу кезінде Сатып алушы болашақта келісілген баға бойынша белгілі бір көлемде базалық активті сатып алуға міндеттеме алады, ал сатушы базалық активті ұқсас параметрлер бойынша сатуға міндеттеме алады. Фьючерстік келісімшарттың барлық шарттары, мысалы, көлемдер, мәміле түрі және орындалу күні, фьючерстердің спецификациясы деп аталатын арнайы биржалық құжатта жазылады.

KASE-де фьючерстер айналыста болады, мұнда базалық активтер әртүрлі компаниялардың акциялары, АҚШ доллары, сондай-ақ KASE индексі болып табылады. Барлық KASE фьючерстері есептелген, яғни олар базалық активтің нақты жеткізілуін білдірмейді. Фьючерстік келісімшарт мерзімі аяқталғаннан кейін базалық активтің ағымдағы құнына байланысты ақшаны қайта есептеу ғана жүзеге асырылады.

## БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ҚҰНЫНА НЕ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Қор нарығының ерекшелігі – бағалы қағаздардың құнына әлемдік және жергілікті ауқымдағы кез-келген оқиғалар әсер етуі мүмкін. Сондықтан қаржы нарығында болып жатқан жаңалықтарды және барлық уақиғаларды қадағалау, сондай-ақ осы жаңалықтарды дұрыс түсіндіру және оларды пайдаға айналдыра білу маңызды.

### **Келесі факторлар мен жаңалықтар бағалы қағаздар бойынша сауда саттық динамикасына әсер етуі мүмкін:**

- ▶ жалпы макроэкономикалық және саяси жағдай
- ▶ компанияның дивидендтер төлеуі
- ▶ компания бойынша күтулер мен болжамдардың өзгеруі
- ▶ компанияның нақты пайдасының күтілетін пайдадан айтарлықтай алшақтығы
- ▶ биржалық индекс құрамына(н) компаниялардың акцияларын қосу/алып тастау
- ▶ оларды сату компанияға пайда әкелуі мүмкін жаңа тауарларды құру
- ▶ бағалы қағаздар бойынша жетекші талдаушылардың ұсыныстарын өзгерту
- ▶ халықаралық рейтинглік агенттіктердің компания рейтингін көтеруі/төмендетуі
- ▶ компанияның ірі инвестордың пайда болуы, компанияның бірігуі және қосып алуы
- ▶ компанияның өз бағалы қағаздарын кері сатып алуы
- ▶ шикізат бағасының өсуі (шикізат компаниялары үшін)
- ▶ өндірістік көрсеткіштерді жақсарту

Белгілі бір жаңалықтар жарияланғаннан кейін нарық сіз жоспарлаған бағытқа қарай жылжи бермейтінін атап өткен жөн. Кейде жағымды жаңалықтар шығады, ал акциялардың бағасы жаңалықтар жарияланғанға дейінгі төмендеу үрдісін жалғастырады. Бұл нарықта маңызды уақиғалар бар және сіз сауда жасауға тырысқан жаңалықтар нарықтық көңіл-күйді өзгерте алмады дегенді білдіреді. Кейбір жағдайларда жаңалықтарға реакция болмауы мүмкін. Бұл нарық жариялануға күтілетін деректерді алдын-ала ескергендіктен және олар қазіргі биржалық бағамдарда көрсетілген болуы мүмкін.



## ИНВЕСТИЦИЯЛАУДА ҚАНДАЙ ТӘУЕКЕЛДЕР БАР

Кез-келген инвестициялау белгілі бір тәуекелдерді тудырады. Қор нарығында тәуекелдердің негізгі түрлері бағалы қағаздың құнсыздану тәуекелі, дефолт тәуекелі және валюталық тәуекел болып табылады.

Көбінесе акциялар олардың құнын арттыру мақсатында сатып алынады және жоғары тәуекелді инвестициялар болып саналады. Акциялар құнсыздану қаупіне көбірек ұшырайды. Сондықтан бір-бірімен байланысты емес және өз қызметін экономиканың әртүрлі салаларында жүзеге асыратын әртүрлі компаниялардың акциялары арасында қаражат бөлу арқылы бағалы қағаздар портфелін әртараптандыру қажет.

Облигациялар негізінен болжамды орташа табыс алу үшін сатып алынады және төмен немесе орташа тәуекелді инвестициялар болып саналады. Облигациялар бойынша дефолтқа жол беру қаупі бар. Квазимемлекеттік компаниялар мен несиелік ұпайлары жоғары ірі компаниялар дефолт қаупінің аз дәрежесіне ие.

KASE-дегі бағалы қағаздардың көпшілігі ұлттық валютада номинацияланады, сондықтан олар валюталық тәуекелге ұшырайды – теңге бағамының төмендеуіне байланысты шығындар тәуекелі. Егер инвестор теңге бағамының төмендеуін күтсе, онда оған еурооблигацияларға, сондай-ақ өз өнімдерін экспорттайтын компаниялардың акцияларына инвестициялауға болады.


Экспорттаушы компаниялардың теңгенің бағамы төмендеген кезде қаржылық жағдайы жақсаруы мүмкін, өйткені олардың кірістері валютада, ал шығыстары теңгеде номинацияланады.



## ЭМИТЕНТ ҚАНДАЙ АҚПАРАТТЫ АШАДЫ

Инвесторлардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында эмитент өзінің аудиттелген жылдық және тоқсандық қаржылық есептерін қаржылық есептілік депозитарийінің (ҚЕД) және KASE сайттарында жариялауға міндетті, сондай-ақ эмитенттің бағалы қағаздары бойынша биржалық сауда-саттық барысына ықпал етуге қабілетті кез келген ақпаратты ашуға тиіс.

Аудиторлық компания қаржылық есептіліктің өзі тексерген компаниядағы нақты жағдайға сәйкестігі үшін заң алдында жауап береді.



## KASE ИНТЕРНЕТ-САЙТЫ

[www.kase.kz](http://www.kase.kz) интернет-сайты Қазақстанның қор нарығы туралы негізгі ақпараттық ресурс болып табылады және өз пайдаланушыларына сауда-саттық барысын (15 минуттық кідіріспен – тегін, нақты уақыт тәртіптемесінде – ақылы негізде) бақылауға, бағалы қағаздар және олардың эмитенттері (шығарылым аңдатпасын, инвестициялық меморандумдарды, компаниялардың қаржылық есептілігін қоса алғанда) туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Қазақстанның қор нарығында болып жатқан негізгі уақиғалардан хабардар болу.

Пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін Биржаның интернет-сайтында презентация орналастырылған [https://kase.kz/files/presentations/kz/KASE\\_sit\\_e\\_20\\_10\\_2021.pdf](https://kase.kz/files/presentations/kz/KASE_sit_e_20_10_2021.pdf)



## ГЛОССАРИЙ

**Акционерлік қоғам (АҚ)** Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға

**Андеррайтер** Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық БҚ шығару және орналастыру бойынша қызметтер көрсететін БҚН кәсіби қатысушысы

**Аффилирленген тұлғалар** Шешімдерді тікелей және/немесе жанама айқындауға және/немесе бір-бірімен (тұлғалардың бірімен) қабылданатын шешімдерге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай, ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда)

**Кастодиан-Банк** БҚ бойынша құқықтарды тіркеу және есепке алу, құжаттамалық БҚ сақтау және клиенттің ақшасын есепке алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, Банк

**Биржалық мәмілелер** Нысанасы биржада айналысқа жіберілген мүлік болып табылатын және тиісті биржалар (тауар, қор және басқалар) туралы заңнамаға және биржалық сауда-саттық ережелеріне сәйкес ол өткізетін сауда-саттыққа қатысушылармен биржада жасалатын, мәмілелер

**Биржалық индекс** Ең өтімді акциялар немесе облигациялар қоржыны негізінде белгілі бір жолмен есептелген бағалы қағаздар нарығының жай-күйінің индикаторы

**Брокер** Клиенттің тапсырмасы бойынша, есебінен және мүддесі үшін эмиссиялық БҚ және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы. Брокер және/ немесе дилер брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияның мынадай түрлерінің біріне ие болуы тиіс:  
1) бірінші санаттағы лицензия – номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен (бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу құқығымен);  
2) екінші санаттағы лицензия – клиенттердің шоттарын жүргізу құқығысыз (бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу құқығысыз)

## ГЛОССАРИЙ

**Бұқалар** Қандай да бір қаржы құралының бағамының көтерілуінде ойнайтын трейдерлер

**Жеке шоттан үзінді көшірме** Орталық депозитарий немесе номиналды ұстаушы беретін және тіркелген тұлғаның белгілі бір күнге қаржы құралдары бойынша құқықтарын растайтын, БҚ болып табылмайтын, құжат

**Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару** Эмитенттің азаматтық құқықтар объектісі ретінде эмиссиялық БҚ пайда болуына немесе орналастырылуы, айналысы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару аңдатпасына сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір БҚ жиынтығына бағытталған іс-әрекеттері

**Таза емес баға** Жинақталған (есептелген, бірақ төленбеген) купондық сыйақыны ескере отырып, борыштық бағалы қағаздың бағасы

**Делистинг** Сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімінен бағалы қағаздарды уақытша немесе біржола алып тастау

**Депозиттеу** Орталық депозитарийдің өз клиенттерінің жеке шоттарындағы қаржы құралдарын есепке алуы

**Дефолт** Эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау

**Дивиденд** Акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша АҚ төлейтін кірісі

**Дилер** Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында өз мүдделері үшін және өз есебінен эмиссиялық БҚ-мен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын, оған тікелей қол жеткізу құқығымен БҚН кәсіби қатысушысы



## ГЛОССАРИЙ

<b>Облигацияның кірістілігі</b>	Облигация бойынша сыйақы ретінде алынған сомаларды қайта инвестициялау мүмкіндігін ескермей, осы облигацияны өтеу (айналыс мерзімі аяқталған) кезінде оны сатып алушы үшін облигация бойынша күтілетін кіріс көрсеткіші, жылдық пайызбен көрсетіледі
<b>Шектелімді өтінім</b>	Орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді қажетті сатып алудың емаксималды бағасын қамтитын оларды сатып алуға арналған өтінім
<b>Тікелей өтінім Нарықтық өтінім</b>	Тікелей мәмілелер жасасу әдісін пайдаланған кезде: сауда-саттыққа қандай да бір қатысушыға арналған және осы сауда-саттыққа қатысушының өзі ғана көруге арналған өтінім
<b>Тікелей өтінім Нарықтық өтінім</b>	Орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға арналған, олардың қажетті сатып алу бағасын қамтымайтын және осы өтінімді берген бастапқы дилер осы өтінімді қанағаттандыруға болатын кез келген баға бойынша қазынашылық міндеттемелерді сатып алғысы келетінін білдіретін өтінім
<b>Институционалдық инвестор</b>	Заңнамаға сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатында қаражат тартатын, заңды тұлға
<b>Индивидуальный инвестор</b>	Институционалды инвестор болып табылмайтын, инвестор
<b>Қазынашылық міндеттеме</b>	Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан шығарылатын мемлекеттік эмиссиялық БҚ
<b>Бағалы қағаздарға баға белгілеу</b>	БҚН ұйымдастырған белгілі бір уақытта БҚ бойынша жарияланған сұраныс және/немесе ұсыныс бағасы
<b>Купондық сыйақы</b>	Облигация номиналының жылдық пайызы түріндегі инвесторға сыйақы
<b>Левередж</b>	Эмитенттің міндеттемелері мен меншікті капиталының мөлшері арасындағы арақатынас

## ГЛОССАРИЙ

<b>Листинг</b>	Бағалы қағаздарды қор биржасының БҚ тізімінің санатына енгізу және онда болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында БҚ мен олардың эмитенттеріне арнайы (листингілік) талаптар белгіленген
<b>Бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шоты</b>	Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша мәмілелерді тіркеу және құқықтарды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде қамтылған жазбалар жиынтығы
<b>Лот</b>	Қаржы құралының сауда бірлігі  Осы қаржы құралы бойынша өтінім мөлшеріне тең немесе еселенген болуы тиіс қаржы құралының саны
<b>Бағалы қағаздар нарығында айлашарғы жасау</b>	БҚН субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленгеннен жоғары немесе төмен БҚ бағаларын белгілеуге және/немесе ұстап тұруға, БҚ саудасының көрінуін жасауға және/немесе инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып мәміле жасауға бағытталған іс-әрекеттері
<b>Тікелей мәмілелер жасасу әдісі</b>	Әрбір жеке мәміле сауда-саттыққа екі қатысушы арасында келіссөздер жүргізу және олардың арасында осы мәмілені жасасу туралы келісімге қол жеткізу туралы қатысушылар сауда-саттық жүйесіне атаулы өтінімдерін жіберу нәтижесінде жасалады деп тұспалданады
<b>Аюлар</b>	Қандай да бір қаржы құралдың бағамының төмендеуіне ойнайтын трейдерлер
<b>Ашық саудасаттық әдісі</b>	Сауда-асттық жүйесінде сауда-саттық жүргізу кезінде ғана пайдаланылады және сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі болып табылады. Осы әдісті қолданған кезде сауда-саттыққа қандай да бір қатысушының өтінімі, бағасы сауда-саттыққа осы қатысушы үшін неғұрлым тиімді болып табылатын, сол қаржы құралы бойынша сауда-саттыққа басқа қатысушылардың қолданыстағы қарсы өтінімдері есебінен сөзсіз және қарсылықсыз қанағаттандырылады

## ГЛОССАРИЙ

**Қамтамасыз етілген облигация** Эмитент міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен, банк кепілдігімен толық немесе ішінара қамтамасыз етілген, облигация

**Опцион** Оған сәйкес бір тарап (опцион сатушысы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта келісілген шарттарда келісілген баға бойынша базалық активті сатып алу немесе сату құқығын сататын, туынды қаржы құралы. Опционды сатушы өзіне міндеттеме алады, ал сатып алушы құқыққа ие болады

**Сауда-саттықты ұйымдастырушы** Қор биржасы

**Оригинатор** ҚРҰБ талаптарына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға – сатып алу-сату шарты негізінде ислам арнайы қаржы компаниясына активтер беретін және/немесе ислам арнайы қаржы компаниясының құрылтайшысы болып табылады

**Пай** Меншік иесінің инвестициялық пай қорындағы үлесін, инвестициялық пай қорының активтерін сатудан алынған ақшаны алу құқығын растайтын, шығарудың құжаттық нысаны жоқ атаулы эмиссиялық БҚ

**Инвестициялық пай қоры** Пайларды ұстаушыларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі және басқарушы компанияның басқаруындағы пайларды, сондайақ оларды инвестициялау нәтижесінде сатып алынған өзге де активтерді төлеуге алынған ақша жиынтығы

**Туынды қаржы құралы** Болашақта осы келісім-шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруды көздейтін, құны келісім-шарттың базалық активінің шамасына (шаманың ауытқуын қоса алғанда) байланысты болатын, келісім-шарт

## ГЛОССАРИЙ

**Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасы** Эмитент, оның қаржылық жайғдайы, сатуға болжанатын эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылым көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, оларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу процедурасы мен тәртібі туралы мәліметтерді және бағалы қағаздарды сатып алу туралы инвестордың шешіміне әсер етуі мүмкін басқа да ақпаратты қамтитын құжат

**Тармақ** Бағаның минималды өзгеруі

**Ралли** Қаржы нарығындағы бағалардың (баға белгілеулердің) қарқынды өсуі

**Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі** Белгілі бір күнге бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы осы ұстаушыларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер жиынтығы, сондай-ақ оларға тиесілі бағалы қағаздардың түрі мен саны

**Қашықтан кіру тәртіптемесі** Сауда-саттық жүйесін пайдаланушының (сауда-саттық жүйесінде белгілі бір әрекеттерді жасауға уәкілетті жеке тұлғаның) KASE-де болуын талап етпейтін сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу тәсілі

**“Депозит” шоты** Сауда-саттыққа қатысушының номиналды ұстауындағы және/немесе оған тиесілі бағалы қағаздарды есепке алуға арналған, осы сауда-саттыққа қатысушының депозитарийдегі шоты

**Спред** Биржада бағалы қағазды немесе қаржы құралын сатып алу мен сатудың ең үздік бағасы арасындағы айырмашылық

**Сауда-саттық жүйесі** KASE бағдарламалық-техникалық кешені, ол арқылы қаржы құралдарымен мәмілелер жасалады

**Биржа трейдері** Осы қор биржасының сауда-саттық жүйесін пайдалана отырып, қор биржасы мүшесінің атынан мәмілелер жасасуға және өзге де ісәрекеттерді орындауға уәкілетті жеке тұлға

## ГЛОССАРИЙ

### Өтінімді қанағаттандыру

Қолданыстағы қарсылама өтінімдер есебінен өтінім негізінде оның толық немесе ішінара мөлшерінде мәмілелер жасасу

### Қаржы құралы

Олармен жасалған операциялар нәтижесінде бір ұйымның қаржылық активі, ал екіншісінде қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал пайда болатын, ақша, БҚ, соның ішінде туынды БҚ, туынды қаржы құралдары және басқа қаржы құралдары

### Қор биржасы

АҚ ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда-саттық жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей өткізу жолымен сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, заңды тұлға

### Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі

Депозитарлық қызметті, БҚ ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті, бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі қызметті, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес акционерлік қоғам









## ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

### "Қазақстан қор биржасы" АҚ нақтылайды:

1. Бұл брошюра ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында операциялар мен мәмілелер жасауға арналған толық нұсқаулық болып табылмайды және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында операциялар жүргізу және мәмілелер жасасу процесінде әлеуетті инвестор тап болуы мүмкін барлық аспектілер мен нюанстарды қамтымайды.
2. Осы брошюрада қамтылған ақпаратты брошюраның оқырмандары және өзге тұлғалар қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу немесе сату жөніндегі ұсыныс ретінде бағалай алмайды және бағаламауы тиіс.
3. Биржа да, оның кез келген қызметкері де осы брошюрадағы ақпаратты пайдалану нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған кез келген тікелей немесе жанама залалдар (шығындар) үшін жауап бермейді.
4. Биржа брошюрада келтірілген мәліметтерді немесе ақпаратты үнемі жаңартып отыру немесе қайта қарау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдамайды, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасындағы немесе Биржаның ішкі құжаттарында баяндалған ережелер мен талаптардағы өзгерістер туралы біреуді хабардар ету міндеттемелерін өзіне қабылдамайды.

## БАЙЛАНЫС

-  [www.kase.kz](http://www.kase.kz)
-  Қазақстан, Алматы қ., Байзақов к-сі, 280, "Almaty Towers" КФК солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат
-  8 (727) 237 53 20
-  [customers@kase.kz](mailto:customers@kase.kz)

## KASE ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ

-  @Kazakhstan Stock Exchange
-  @kase.kz
-  @Kazakhstan Stock Exchange
-  @KASEofficial
-  Қазақстан қор биржасы (KASE)

**K****SE**

[www.kase.kz](http://www.kase.kz)